



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№
25.01.2024 № 1 ге

**Тұрақты комиссияның
2024 жылғы 25 қаңтардағы
қаулысы**

**Астана қаласындағы көші-қон
процестерінің қазіргі жағдайы мен
даму перспективалары**

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі - Тұрақты комиссия) Астана қаласындағы көші-қон процестерінің жай-күйі мен даму перспективалары туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, мыналарды атап өтеді.

Өткен жылдың 12 айында елорданың көші-қон қызметі бөлімшелері 594 002 мемлекеттік қызмет көрсеткен, оның ішінде тікелей көші-қон қызметі бөлімшелеріне жүгіну кезінде - 47 133, мемлекеттік корпорация арқылы - 331 651, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы 191 073 қызмет көрсетілген.

Елорданың көшелерінде және қоғамдық орындарында тиісті құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында көші-қон және жергілікті полиция қызметі күштерімен тұрақты негізде нысаналы рейдтік іс-шаралар жүзеге асырылады. 11 жедел-алдын алу іс-шаралары жүргізілді.

Қабылданған шаралар нәтижесінде көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін 12 мыңнан астам шетелдіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтары жауапқа тартылды. Бұдан басқа, ауданаралық сот шешімімен 1 152 шетелдік азамат елден шығарылды. 1 542 шетелдіктің елде болу мерзімі қысқартылды. Сонымен қатар, жалпы 269 979 415 теңге көлемінде айыппұл өндірілді.

2023 жылы 1 909 адам қандас мәртебесін алды, алыс және жақын шетелдерден этникалық қазақтардың отбасыларыш біріктіру мақсатында 18 шақыру ресімделді, 231 этникалық қазақ үшін қандас мәртебесі ұзартылды.

2023 жылдың 1 шілдесінен бастап «Ата жолы» картасын ұсыну туралы 21 шешім берілді.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға 818 рұқсат берілді, 2023 жылы еңбек мигранттарына рұқсат беру квотасы 23 500 бірлікті құрады.

2022 жылдың басынан бастап босқын мәртебесін алу үшін 283 шетелдік азамат өтініш білдірді.

2023 жылдың 9 айында Астана қаласына келгендер саны 74 161 адамды, кеткендер саны 38 406 адамды құрайды, көші-қон сальдосы - 35 755 адам.

Сонымен қатар, келушілерді әлеуметтік бейімдеу мәселесі өзекті болып табылады. Меншігінде тұрғын үйдің болмауы заңсыз қызметтердің (жалған тіркеу) дамуына түрткі болуда.

Ішкі көші-қонның негізгі проблемалары тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бір адамға белгіленген шаршы метрдің заңнамалық белгіленген нормасының болмауы, жалға берілетін пәтер иелерінің жалға алушыларды есепке қоюдан бас тартуы болып келеді.

Сонымен қатар, көші-қон қызметі кадрларының жетіспеушілігі проблемасы да өзекті. Заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөніндегі арнайы жеке саптық бөлінісінің (взвод) таратылуы көші-қон қызметінің күнделікті жұмысының тиімділігі мен жеделдігіне айтарлықтай әсер етті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссия **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Астана қаласында көші-қон процестерінің қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

«Ата жолы» картасын ала отырып, Қазақстанға кірудің оңайлатылған мүмкіндігі туралы этникалық қазақтар арасында ақпараттық жұмыс жүргізу;

Астана қаласында шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру жөніндегі комиссияның жұмысы туралы ақпарат беру ұсынылсын.

3. Астана қаласының Полиция департаментіне:

«Виза жапсыру» және «Алыс шетел азаматтарын шақыру» мемлекеттік қызметтерін «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ-қа беру жөнінде негізделген ұсыныстар енгізу;

заңнамаға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау мақсатында тұрғылықты жері бойынша тіркелу үшін бір адамға белгіленген шаршы метр нормасын енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау;

жалға берушілердің тұрғын үй жалдаушыларын тіркеу міндеті туралы заңнаманың талаптарын тиімді іске асыру бойынша кешенді жұмыс жүргізу;

Астана қаласы Полиция департаментінің Көші-қон қызметі басқармасының штат санын көбейту мәселесін пысықтау;

қала тұрғындары арасында «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары туралы түсіндіру және ақпараттық жұмысты, сондай-ақ шетел азаматтарының белгіленген ережелерді сақтауы тұрғысынан рейдтерді тұрақты негізде жүргізу;

көші-қон қызметі саласындағы бағдарламалық құжаттардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беру;

ішкі және сыртқы көші-қон бойынша талдау жүргізу және нәтижелері бойынша есеп беру;

Көші-қон қызметі басқармасы қызметкерлері арасында азаматтарға қызмет көрсету кезіндегі тәртіпті күшейту және корпоративтік мәдениет деңгейін, функционалдық міндеттерін орындау сапасын арттыру;


көші-қон саласындағы проблемаларды көрсете отырып, карта әзірлеу және осындай проблемаларды шешу жолдарын көрсету ұсынылсын.

4. Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасына және Астана қаласы Полиция департаментінің Көші-қон қызметі басқармасына: жұмыс процестерін одан әрі автоматтандыру мақсатында Астана қаласы Полиция департаментінің Көші-қон қызметі басқармасының функцияларына талдау жүргізу;

Астана қаласының көші-қон қызметінде тіркеу, сондай-ақ көші-қон құжаттарын алу рәсімін автоматтандыру мүмкіндігін қарастыру ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қапалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

**Астана қаласы мәслихатының
заңдылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының
төрағасы**



А. Айтхожин